

# І ТУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

екабрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
және саны 20 тыым.

*Колхоздар мен совхоздарда ірі қара малдың сүт өнімі арттыру үшін мал шаруашылығын жүргізудің неғұрлым пайдалы системасын—аудандардың ерекшеліктерін еске ал отырып, малды қолда бағып-күту системасын одан әрі қолдану өте маңызды іс деп саналсын.*

*(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларынан).*

## Малшысы

малшы күндерінде көреді. Облыстық мектептерде бұл ай-ушылардың қысқы күнінде басқа түзеге асырылмақ.

аудан орталықта-ектептерде бұл ай-ушылардың қысқы күнінде басқа түзеге асырылмақ.

аудан орталықта-ектептерде бұл ай-ушылардың қысқы күнінде басқа түзеге асырылмақ.

аудан орталықта-ектептерде бұл ай-ушылардың қысқы күнінде басқа түзеге асырылмақ.

# Малдың қысқы күтімін жақсарту беру—малшылардың кәзіргі ең негізгі міндеті

## Мал күтімі жақсарту түсуде

Партияның XIX съезінің қарарларымен, ұлы көсеміміз Сталин жолдастық «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегімен және съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен қаруланған колхозшы шаруалар бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолында қажырлы еңбекке жұмылған. Олардың мақсаты — жаңа бесжылдықта дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырып, мал шаруашылығын жедел өркендету, оның өнімділігін молайта түсу.

Бонюхов ауданындағы «Пятилетка» колхозының колхозшылары егін және мал шаруашылығын онан сайын өркендету жолына өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда. Бұл колхоз — аудандағы мал шаруашылығы өркендеген колхоздардың бірі.

Қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендету мақсатымен колхозшылар мал қыстатуға тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Кәзір мұнда қоғамдық мал жақсы күтімге алынған. Олар жылы қораларда бағылып, құнарлы жемшөппен азықтанды-

## Мал өнімінің мол болуы күшімге байланысты

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру — бесінші бесжылдықтарға басты міндеттің бірі. Кәзір облыстың совхоздарының мал өсірушілері мұндай маңызды міндетті орындау күресіне жұмылып, жанқиярлықпен еңбек етуде.

Жаңа бесжылдыққа облыс совхоздарының алдына қоғамдық мал басын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыру жөнінде де зор міндет қойылған. 1953 жылы совхоздарда әрбір сауын сыйырдан 2000 килограмм, 1954 жылы 2100 килограмм, 1955 жылдың аяғында 2390 килограмм сүт алынуы керек.

Совхоздардың алдыңғы қатарлы сауыншылары кәзірдің өзінде бұл міндеттің дәрежесіне көтерілді. Мысалы, Мамлют совхозының сауыншылары Анохина жолдас үстіміздегі жылдың өткен 11 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан 4044 килограмм, Толмачева жолдас 3985 килограмм, Есенова жолдас 3648 килограмм сүт алды.

өсірушілер сауын сыйырлардың жазғы күтімін де, қысқы күтімін де жақсарту түеті. Сүт қыс та, жаз да мол дайындалатын болды. 1952 жылы әрбір сауын сыйырдан мұнда 3684 килограмм сүт сауылды. Оның жартысынан көбі жазды күні емес, қысты күні алынды.

Жаңа, 1953 жылдың басынан бастап, сауын сыйырларды тыңғылықты күтімге алып, сүтті мол дайындаудың негізін қалау — совхоз басшыларының, әсіресе, ферма меңгерушілерінің абройлы ісі. Мұнысыз алдағы жылы сүт дайындауда жоғары көрсеткішке жету мүмкін емес.

1952 жылдың январь айында Мамлют совхозында сауын сыйырлар жақсы күтімге алынды. Соның нәтижесінде мұнда январь айында әрбір сауын сыйырдан 312 килограмм сүт сауылды. Бірақ, басқа совхоздарда істің жайы бұдан басқаша болды. Аталған мерзім ішінде әрбір сауын сыйырдан Чистов совхозында 143, Октябрь совхозында 49, Тосқын совхозында 122, Приешім совхозында 69 килограмм

## Жемшөп үнемі

Жемшөп қорын нығайтып, оны үнемі деп жұмсау малды қыстан шығынсыз және күйлі шығарудың негізі екенін Соколов ауданындағы «Победа» ауыл-шаруашылық артелинің мүшелері жақсы біледі. Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, колхозшылар бығыл мал азығын жеткілікті дайындап алды.

Колхозда мал қораларын қысқа әзірлеу жұмыстары да деркесінде қолға алынып, үлгілі жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде қоғамдық мал құнарлы жемшөппен қамтамасыз етілумен бірге, жылы қораларда бағылып күтілетін болды. Барлық фермаларда қыстың алғашқы күндерінен бастап, қоғамдық мал жылы қораларда, құнарлы жемшөппен тойына азықтануда.

Мал шаруашылығында алға қойылған міндеттерді аброймен орындау үшін колхозшылар қолда бар жемшөп қорын үнемі деп жұмсау, оны тиімді пайдалану жолындағы күресті күшейтіп келеді. Мұндай игілі істі олар дайындалған жемшөпті жер қарада қыстаулар жанына тасып алып, сайып, малын қолдан біркелкі



ныларына елімізде физкультура мен спорттың өрістетілуі туралы әңгіме айтады, концерт береді.

Областық драма театрының коллективі оқушылар үшін жаңа спектакльдер қойып

## „Комсомолка“ фабрикасы жылдық жоспарды орындады

Туысқан Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен және біздің елімізде коммунизмнің салтанат құруы жолын өзінің данышпандығымен нұрландырған көсеміміз Сталин жолдастың еңбегімен рухтанған «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысшылары жарыста алған міндеттемелерін іс жүзінде орындап, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Тігін фабрикасының коллективі соңғы уақытта еңбек ұйымдастыру ісін жақсартта түсіп, өндірістік жоспарды орындап қана қоймай, өнім сапасын арттыру мәселесіне де ерекше назар аударып келеді.

Фабриканың өндірістік бригадаларының бригадирлері өндірісте тікелей істейтін шеберлерге қатты талап қойып, олардың күнделік және айлық тапсырманы орындауын қадағалап отырумен қатар, өнімнің ақауыза шығарылуына да тыңғылықты бақылау ұйымдастырды. Өндіріс озаттарының таңдаулы тәжірибелері қабырға шеберіне, жауынгерлік листоктарға жазылып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру үшін әңгіме, насихат жұмысы жүргізілді.

Совет Одағы Коммунист партиясының XIX съезінің материалдарын үйрену, әрбір бригадadan, әрбір жұмысшыдан жарыста алған міндеттемелерін сөзсіз орындауды бақылау арқылы талап ету, сын мен өзара сынды күшейту — коллектив мүшелерінің коллектив алдындағы, мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімі күшейте түсті, олардың саяси және еңбек белсенділігін арттыра түсті.

Міне, осы сыяқты, фабрикада жүргізілген игі жұмыстар өзінің жақсы нәтижесін берді. Оны «Комсомолка» тігін фабрикасының жылдық жоспарды мерзімінен бұрын, яғни 24 декабрьде ойдағыдай

орындағаны жас ұрпақтардың қысады демалысын жақсы ұйымдастырып, олардың көңілді, мәдениетті демалуын, сөйтіп, оқу жылының екінші жартысына жаңа күш, жаңа жігермен кірісуін қамтамасыз ете-йік!

аяқтап, 1953 жылдың есебіне өнім бере бастағандығынан көруге болады.

Жарыста алған міндеттемелерін орындап, мінсіз сапалы өнім беру күресінде Мария Ющенко жолдас басқарған бригада ерекше көзге түсті. Бұл бригаданың басқа бригадалардан артық және ерекше жұмыс істеген себебі — бригаданың басшысы мастер Ющенко жолдас бригада мүшелерінің жұмысына қатты талап қойып, әрбір шебердің шығарған өнімін үнемі бақылап, озаттардың іс тәжірибелерін бригада мүшелерінің игілігіне айналдырып отырады. Ол өндіріс процесіне «алыстан» басшылық жасайтын адам емес, қайта Ющенко әрдайым өндіріс процесін өзінің бақылауынан өткізіп, үнемі бригада мүшелерінің арасында болады.

Біздің фабриканың екінші таңдаулы бригадасы — мастер Анастасья Крылова жолдас басқаратын комсомол-жастар бригадасы болып табылады. Өндірісте істегеніне онша көп болмаған, бірақ, өзгеге де, өзіне де қатты талап қоя білетін жас қыз Крылова өзі басқарған бригаданы озаттардың қатарына қосты. Крылова жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы өндірістік программаны Сталиндік Конституция Күні қарсаңында орындаған болатын.

Осы екі бригаданың мүшелері В. Гошенова, Е. Солдаткина, М. Афанасьева және Е. Маковеева сыяқты стахановшылар 1953 жылдың август, сентябрь айларының есебіне өнім беріп жүр. Бұл стахановшы қыздар біздің фабриканың мақтанышы болып есептеледі.

**Е. РУДЕНКО,**

«Комсомолка» тігін фабрикасы комсомол ұйымының секретары.

дастыруда.

Мал қыстатуда қолхозшылар В. Садуов және Ә. Дүйсенбеков жолдасстар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Бұлар қарамағындағы малды дұрыс жайлап азықтандырады.

Сауын сыйырларды бағып күтуді жақсарту нәтижесінде сауыншы Қ. Оспанова жолдас та сүт дайындауда жоғары көрсеткіштерге жетуде.

**Ә. НУРАҚАЕВ.**

## Жылдық есепті қолхозшылар жыйналысына баяндау туралы

Қолхоз басқармасының жылдық есебі қолхоздың бір жыл ішінде шаруашылықтың барлық тарауында қол жеткен табыстарын баяндайтын маңызды документ болып саналады. Сондықтан қолхоз басқармалары жылдық есепті кезінде жасап, дұрыс қорытындылауға тиіс. Ауылшаруашылық артелінің Уставында көрсетілгеніндей, жылдық есеп қолхозшылардың жалпы жыйналысында көңінен талқыланып, бекітілуі керек.

Қолхоз басқармасы жылдық есепті қолхозшылардың жалпы жыйналысында баяндауға жақсы әзірленуге міндетті. Жыйналысқа қолхозшылардың түгел қатынасуын және олардың жылдық есепті белсене талқылауын ұйымдастыру да маңызды жұмыстың бірі. Қолхоз басқармасының қолхозшылардың жалпы жыйналысына беретін есебінде партиямыз бен үкметіміздің қолхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендету, нығайту және ауылшаруашылық артелінің Уставының ережелерін дұрыс сақтау жөніндегі қаулы-қарарларының жүзеге асырылуы, мемлекет алдындағы міндеттемелердің орындалуы жан-жақты баяндалуға тиіс.

Кейбір қолхоз басқармаларының председателдері қолхозшылардың жалпы жыйналысына ауылшаруашылық жылының қорытындысын дұрыс баяндамайды. Олардың есебі көбінесе қолхоз өндірісін өркендету жөніндегі жекелеген цифрларды тіз-

сүттің көбінесе жаз айларында ғана алынуына әкеліп соғып жүр.

1948 жылы Мамлют совхозында әрбір сауын сыйырдан 1572 килограмм ғана сүт сауылды. Сүт негізінен жаз айларында, дәлдірек айтқанда, сүттің 61,7 проценті жаздың бес айы ішінде сауылды, ал, қалған 7 ай ішінде жыл бойы дайындалған сүттің 38,3 проценті ғана алынды.

Бірақ, кейіннен совхоз басшылары, мал

Бұл үшін мін мейлін мол алыну Осы сыяқта үшін озат терең зерттану қаже

**ҚКП обл секторын**

дық шаруа жеткен табыстылықтар табуы керек. дай және ақтөпнен есептеу луга тиіс. мәселе — етібін нығайтудың өндіріс тұрақтандыды.

Еңбек үйі сөз болғандығының өнегелі Қолхозда ғы тарын зерттеу йына толық телген жұмылы мысалда нымен бірге кендетуге бөбеккүн министрлар батыл

Қолхоз шаруашылығы табыстарды не ақшадай кіріс-шығыс на тоқталуға бейтін қорласа баяндау

Ең соңында ұйымды сайын нығайташылыққа мал шаруашы жөнінде на



# ТАҚЫРЫБЫНА ЫНШЫЛ ЖӘНЕ АДАЛ БОЛУ КЕРЕК

★  
**ШАЯХМЕТОВ**  
талық Комитетінің секретары

★

сатпен ау-  
тия ұйы-  
әселені өзі  
итет «кі-  
ауып, мем  
қатарында

сы туралы  
ұйымының  
реттің сек-  
ама жаса-  
оммунистер  
ға қысым  
мемлекеттік  
икерелейтін  
артия жый-  
өрі қырағы  
алдаушыны  
ны сот жа  
аулы алып,  
асын қайта  
нші рет қа-  
нің қатесін

коммунистер  
а қарамас-  
заңы бар  
дық, озбыр-  
ардың жағ-  
ілдік беріл-  
және сүй-  
іленов қыз-  
төре совет  
н деп есеп-  
талық Коми-  
пайдалана-  
коммунист-  
келгенде ком

кеңдету ісімен осы уақытқа дейін қана-  
ғаттанғысыз шұғылданып келді. Кейбір  
қызметкерлер жемшөп қорларын арттыру-  
ға нағыз қамқорлық жасаудың орнына  
жемшөпті қағаз жүзінде «дайындап», ле-  
пірме мәліметтер жасайды. Қазақстанда  
жемшөп дайындау ісіндегі көзбояушылық  
кең өріс алған. Бұл көптен сіңген және  
хауіпті кесел. Республиканың кейбір пар-  
тия ұйымдарының бұл кеселге қарсы  
шындап күрес жүргізбегенін мойындау ке-  
рек.

Жақында мынадай жағдай анықталды:  
Гурьев облысының Шевченко және Ново-  
богат аудандарының колхоздарында, ау-  
дандық атқару комитеттерінің кәзір жұ-  
мыстан босатылған председателдері Бек-  
жанов пен Иманғалиев жолдастардың ті-  
келей қолдауымен, жыйналмай қалған 35  
мың центнер шөп жыйнады деп қоса бер-  
ілген. Ауылшаруашылық органдарының  
Алматы облыстық партия комитетіне бер-  
ген мәліметтері бойынша, Шелек ауда-  
нында тек 1-май атындағы колхоз ғана  
қысқа керекті жемшөпшен толық қамта-  
масыз етілген жөк, ал, басқа колхоздарда  
шөп жеткілікті мөлшерде дайындалған  
деп көрсетілген. Облыстық комитет осы  
мәліметтерге соңғы уақытқа дейін сенім  
келген. Ал, тексере келгенде, ауданның  
колхоздарындағы нақты дайындалған шөп-  
тің мөлiметте көрсетілгендегіден едәуір  
кем екендігі анықталды.

Бұл фактілер нені көрсетеді? Бұл фак-  
тілер республиканың басшы қызметкерле-  
рі арасында партия мен мемлекет алдын-  
дағы жауаптылық сезімінен айырылған  
адамдар бар екендігін көрсетеді. Сонымен

оқыйғасы анықталды. Аудандық партия  
конференциясының делегаттығына сайлап  
ған коммунистер Кәрімов пен Аралбаев  
жолдастардың аудандық комитет пен оның  
секретарьларының жұмысындағы елеулі  
кемшіліктерді сынайтын ойлары бар екен-  
дігі аудандық комитеттің секретарьлары  
Дүйсов пен Орынбасаров жолдастарға мә-  
лім болған. Өздерін сыннан қорғауға ты-  
рысып, Дүйсов пен Орынбасаров конфе-  
ренцияның ашылуы қарсаңында Кәрімов  
пен Аралбаевты колхоздарға жіберген.  
Алыстағы колхоздарға жіберілген бұл жо-  
дастарды шақыруға мүмкін еместігі ау-  
дандық комитет секретарьларының олар-  
дың орнына конференцияға басқа делегат-  
тар сайлау туралы мәселе қоюына сылтау  
болған. Іс жүзінде осылай етілген де, Ак-  
мола облысы, Калинин аудандық партия  
конференциясында да аудандық комитет  
секретарьларының сынга қысым жасай  
тындығы анықталды.

Коммунистердің партия алдында шын-  
шылығы және адалдығы сөзбен емес, іс-  
те, партия мен үкметтің директиваларын  
жүзеге асыру жолындағы мемлекеттік  
жоспарлар мен тапсырмаларды орындау  
жолындағы күнбе-күнгі күресте тексеріле-  
ді. Коммунист ешуақытта сөзді босқа айт-  
пайды. Адамның «сөзі мен ісінде алшақ-  
тық болса, — деп жазған болатын  
Ленин, — мұның өзі тіпті жаман. Бұл  
екі жүзділікке әкеліп соқтырады».

Партия коммунистерді өз жұмысының  
нәтижелеріне сын көзбен қарау рухында  
тәрбиеленіп отырады. Коммунист өзінің қа-  
теліктерін адал және ашық мойындаулап  
қорықпауға тиіс. Оның тікелей борышы —  
қателіктерді жасырмау, қателіктер тура-  
лы мәселеден жалтармай, қайта қателік-  
терді адал және ашық мойындау, қателік-  
терді жою үшін, өзіне тапсырылған учас-  
токтегі жұмысты жақсарту үшін қолынан  
келген мүмкіндіктің бәрін істеу. Бізде

## Бейбітшіліктің Сталиндік сыйлығының лауреаты Сайфуддин Китчлудың мәлімдемесі

БУДАПЕШТ, 25 декабрь. (СОТА). «Са-  
бад неп» газеті «Халықтар арасындағы  
бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықара-  
лық Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Бү-  
кілиндиялық бейбітшілік Советінің пред-  
седателі Сайфуддин Китчлудың жолшыбай  
Венгрияда болған кезінде жасаған мәлім-  
демесін жариялады.

Мен халықаралық Сталиндік сыйлық-  
пен наградталғандар қатарында болуымды  
мақтан етемін. Басқа наградталғандардың  
бәрі сыяқты, мен де өзімнің бүкіл өмірім-  
ді бейбітшілік жолындағы күреске арнауға  
уәде беремін. Бұл награда маған көп мін-  
деттер жүктейтінін жақсы түсінемін. Бей-  
бітшілік сыйлығы совет халқының даныш-  
пан көсемінің есімімен аталды. Бұл факт  
Индияның бейбітшілікті жақтаушылары ел  
бекшілер мен халықтар арасындағы достық-  
тың қасиетті ісі үшін күресте өздерінің  
күштерін келешекте де көбейте беруге  
тиіс екенін көрсетеді.

Бүкіл совет халқы және Совет Одағы-  
нан тысқарғы жүздеген миллион адамдар  
үшін Сталиннің есімі «бейбітшілік» деген  
сөз. Бейбітшілік есімін бейнелейтін бұл  
сыйлыққа не болуымызды біз мақтан ете-  
міз.

Совет Одағы мен Индияның халықтары  
бейбітшілікті сүйеді. Сондықтан бұл ортақ  
мақсат жолындағы күресте совет халқы-  
мен ынтымақтасып іс істеу және онымен  
бірге болу үшін, біз өз тарапымыздан мүм-  
кіндігі болған шаралардың бәрін қолдана-  
мыз. Халықаралық Сталиндік сыйлық Ин-  
дия халқы мен совет халқы арасында жа-  
на сүйіспеншілік және тілектестік байланы-  
сын жасайды.

Бейбітшілік үшін күресуші Азия халық-  
тары арасында тығыз байланыс жасалды.  
Индия мен Қытайдың бейбітшілікті жақ-  
таушылары арасындағы жалынды достық  
біздің жүрегімізді ерекше қуанышқа бө-  
лейді.

Сайфуддин Китчу, Азия мен Тынық му-

Цзе-дун қабылдады. Мао Цзе-дунмен кез-  
десуін Индия делегациясы, деді Китчу,  
онымен әңгімелесіп, Индия мен Қытай  
арасындағы мәдени байланысты күшейтуге  
пайдаланды. Қытай мен Индия халықтары  
арасындағы байланыстың күшейетініне,  
мұның өзі екі елдің пайдасына қызмет  
ететіндігіне мен сенемін.

Халықтардың Венадағы бейбітшілікті  
қорғау Конгресі туралы сөзінде Сайфуд-  
дин Китчу былай деді:

Халықтардың Венадағы бейбітшілікті  
қорғау Конгресі сыяқты кездесулер адам-  
заттың тарихында әлі ешуақытта болған  
емес. Әртүрлі ұлттардың адамдары жый-  
налып, ең көкейтесті мәселелерді талқы-  
лады. Талқылап қана қоймай, бүкіл жер  
жүзінің болашағы үшін орасан зор маңы-  
зы бар қарарлар қабылдады.

Біздің делегациямыз Конгрестің қабыл-  
даған қарарларын бірауыздан қуаттады.

Барлық елдердегі бейбітшілікті қорғау  
жолындағы қозғалыс мұның негізінде зор  
табыстарға жетіп, онан сайын өрістейтін-  
дігіне біз сенеміз. Халықтар Конгресінің  
Үндеуі біздерден бейбітшіліктің мүдделерін  
көздейтін жұмысты тезінен күшейтуді та-  
лап етеді. Бұл жұмыстың орасан зор ма-  
ңызы болатындығына біз күмәнданбаймыз.

Конгресс халықтардың ұлттық тәуелсіз-  
дігіне және хауіпсіздіктің көкейтесті про-  
блемаларына ерекше зор маңыз бергендігі-  
не біз аса қуаныштымыз. Халықтардың  
Конгресінде Индия делегаттары бүкіл Ин-  
дия халқының бірауызды тілегін білдірді.  
Бұл тілек: қандай да болса отаршылдық  
саясатты тезінен тоқтату, елдеріміздің  
еріктілігіне қатер туғызып отырған жаңа  
хауіпке жол бермеу.

Китчу халықтардың бейбітшілікті қор-  
ғау Конгресінің Корея мәселесі бойынша  
қабылдаған қарарын жер жүзіндегі бағ-  
лық халықтардың қолдайтындығына сенім  
білдірді.

Біз, деді қорытындысында Китчу, Ин-



бұзушылыққа, өзін адал ұстамайтын, шыншыл емес қызметкерлерге либералдықпен қарау фактілерінің әлі де кездесетінін мойындау керек. Мынадай бір мысал келтірейік.

Алматы қаласындағы Сталин аудандық партия комитетіне құю-механикалық заводтың жұмысшыларынан осы заводтың директоры Македон жоспарды ылғый асыра көрсетеді, жоспардың орындалғаны туралы көріне жалған мәліметтер береді, мемлекетті алдайды деген дабылдар түскен. Аудандық комитет көп уақытқа дейін бұл дабылға көңіл бөлмеген. Соңынан аудандық комитет тексере келгенде, бұл дабыл әділетті болып шықты. Директордың өзінің көзбояушылыққа салынғанын әшкередеген адамдарды жазалап, оларды заводтан шығарып жібергендігі анықталды.

Осыдан кейін аудандық комитет не істеді? Ол, ең алдымен, Македонның қылықтары туралы істің көпшілікке жайылып

росы көзбояушыларды жоюға бағытталып, төменнен жасалған дабылға көңіл бөлмегендерді қатаң жазалады. Бұл іспен біздің өзіміздің тиісті сабақ алуымызға тура келді, өйтпесі, бұл іс жайындағы шаралар кешігіп, тек орталық ұйымдардың нұсқауларынан кейінде ғана қолданылды.

Жұртқа мәлім, Қазақстан еліміздің шығысындағы мал шаруашылығының аса ірі базасы болып табылады. Партия республиканың коммунистерінен таяудағы жылдардың ішінде мал санын пұғыл көбейтіп, сонымен бірге оның өнімділігін арттыруды талап етіп отыр. Осы аса маңызды мемлекеттік міндетті орындау үшін біздің, ең алдымен, жемшөп қорын нығайтып, жемшөп өндіруді және дайындауды анағұрлым көбейтуіміз керек.

Республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдары қоғамдық мал шаруашылығының жемшөп қорын әр-

меткерлерінің, біздің барлық басшы қызметкерлеріміздің бұл істі басқарып, сынга адал және тыңғылықты қараудың өңегесін көрсетіп отыруын талап етті. Барлық басшылардың, әсіресе, партия қызметкерлерінің міндеті — ұйымдар мен мекемелердің жұмысындағы кемшіліктерді барлық адал ниетті совет адамдарының ғайсалмай, батыл сынауына жағдайлар жасап отыру.

Адал және шыншыл болу — сынга дұрыс, партияша қарап, ашылған кемшіліктерді жоюға және бұқараның творчестволық инициативасын қолдауға дерезінде жедел шаралар қолданып отыру деген сөз. Ама! қанша, бізде төменнен көтерілетін сынды өзінің беделін түсіру әрекеті деп қарайтын, қателіктерін жасыру жолына, сынды тұншықтыру жолына түсетін басшылар әлі де жоқ емес.

Жақында Ақтөбе облысының Байғанин ауданында сынга өрескел қысым жасау

налдырып басқан, сондықтан онда сындың жұрнағы да қалмаған.

Республиканың партия ұйымының міндеті — кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісін партияның XIX съезі алға қойған талаптардың дәрежесіне жеткізу. Біз қызметкерлерді тапсырылған іске, партия мен мемлекеттің мүдделерін сақтауға жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеп отыруға тиіспіз.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен, елімізде коммунизм орнатудың сталиндік данышпандық программасымен қаруланған, партияның Орталық Комитетінің төңірегіне, Сталин жолдастың төңірегіне тығыз топтасқан Қазақстан партия ұйымы алдына қойылған міндеттерді аброймен орындап, шаруашылық және мәдениет құрылысында жаңа табыстарға жетеді.

(«Правда», 25 декабрь).

## Селолық кітапхана

Благовещенск селосының кітапханасы Преснов ауданындағы таңдаулы мәдени-ағарту мекемелерінің бірінен саналады.

Кітапхананың кітап оқушылары — колхозшылар, МТС жұмысшылары, село интеллигенттері, сол сыяқты, мектеп оқушылары.

Молотов атындағы колхоздың ферма меңгерушісі Федотов жолдас бұдан 2 жыл бұрын мал шаруашылығы жөнінде кітапшалар оқып бастаған болатын. Осы уақыт ішінде оның рухани тілегі әлде қайда артты. Ол көркем әдебиет кітаптарын да оқыды. Көзірдің өзінде Галина Николаеваның «Егін орағын», Ажаевтың «Москвадан алыста», Виртаның «Астық біздің ырысымыз» атты кітаптарын оқып шықты.

Трактор отрядының бригадирі Поддубный жолдас орыс классиктерінің және совет жазушыларының шығармаларын сүйсіне оқыды.

Б. СӘЛМЕНОВ.

## Оқушылар қысқы демалысты көңілді өткізбек

Қала мектептерінің оқушылар коллективтері мектеп партия, комсомол ұйымдарымен бірлесіп отырып, оқушылардың қысқы демалысын көңілді өткізуге бағытталған бірқатар шаралар белгілеп отыр.

Максим Горький атындағы жетіжылдық мектептің оқушылары демалыс кезінде «Туысқан Вольга үстінде» деген тақырыпта өткізілетін пионер жыйынына қызу әзірленуде. Қысқы демалыс кезінде мектептегі авиомодель, шахмат, физкультура, физика-математика, жас натуралистер үйірмелері үздіксіз жұмыс істейді. Мектеп кітапханасы «Менің жақсы көретін кітаптарым» деген тақырыпта жас кітап оқушыларының конференциясын өткізеді.

№ 3 татар жетіжылдық мектебінің оқушылары да өздерінің демалыстарын қызықты өткізетін болады. Олар ұйымдасқан түрде театрға, киноларға барады, кітап оқушылар конференциясына қатысады және

не орыстың демократ ақыны Николай Алексеевич Некрасовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына байланысты кеш өткізеді.

Қаладағы балалардың мәдени-ағарту мекемелері оқушылардың мәдениетті және көңілді демалуын қамтамасыз етудің нақтылы шараларын алдын-ала белгілеп отыр. I-балалар кітапханасы «Витя Малеев мектепте және үйде» деген кітап бойынша конференция өткізеді.

«Динамо» және «Локомотив» стадиондарында жас спортшылардың шаңғы жарыстары өткізіледі. Орта және жетіжылдық мектептердің оқушылары «Пионерская правда» газетінің бәйгесіне өткізілетін шаңғы жарыстарына қатысады, Петропавл ауданындағы Ново-Павловка селосына шаңғымен жорық жасайды. Ал, жас шахматшылар шахмат және дойбы жарыстарына қатысады.

## Балалар бақшасы

Қаладағы Ленин атындағы балалар бақшасы (меңгерушісі Саврова жолдас) қаладағы таңдаулы балалар бақшасының бірінен саналады. Мұнда жыл сайын ондаған бала тәрбие алып шығуда. Өткен жылы балалар бақшасында жасынан тәрбиеленген оқу жасына толған 27 бала мектепке оқуға түсті.

Көзір бақшала мектеп жасына дейінгі 110 бала тәрбиеленуде. Олар мұнда жақсы тамақ ішеді, уақытында дем алады, түрлі ойындар ойнайды. Тәрбиешілер балаларды балшықтан ойыншықтар жасауға, өлең айтуға, би билеуге, түрлі ойындар ойнауға және жазу-сызуға, суреттер салуға үйретеді.

М. БАЙҚАНОВ.

## ХАЛЫҚ

ПХЕНЬЯН, 26 д. Халық-Демократиялық армиясының Екінші Корей Халық және қытай халық американо-ағылшын лисынманшыл әскер урыстарын жүргізу

## «УДАРНИК»

Бүгін жаз

«ЖАС»

Сеанстар 6-8-10.

Касса сағат 3-те

◆ Бір бие жән алты дөнен ж Көрген білг павл ауданын Чапаев атында сына хабарлау ◆

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті.